



**«Іздеу барлау әдісі» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттесттатау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «05320100 – Геологиялық сұретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)» мамандығы, 3W05320101 – Геологиялық жұмыстардағы жұмысшы, 3W05320102 – Геологиялық түсірім және іздеу жұмыстарындағы жұмысшы, 4S05320103 – Техник-геолог біліктіліктеріне арналған «Іздеу барлау әдісі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	ПКК өнеркәсіптік түрлері.	1	Кенорынның өнеркәсіптік құндылығына әсер ететін факторлар. Кенорындарды зерттеуге кешенді көзкарас. Уранның кенорындары. ҚМК нұсқаулыры бойынша өнеркәсіптік кенорындардың топтануы. Белгілі бір топқа кенорындарды жатқызу үшін керек мәлеметтер.
2	Геологиялық барлау жұмыстарының сатылары.	2	Іздестіру және барлау жұмыстарының жүргізу принциптері. Геологиялық түсірілім жұмыстар сатыларының жалпы сипаттамасы. Іздестіру жұмыстардың сатылары туралы жалпы мәлеметтер. Барлаудың сатыларының жалпы мәлеметтері.
3	Кенорындардың іздестірудің алғышарттары мен белгілері.	3	Климаттық, стратиграфиялық және литологиялық-таскелбеттік сілтемелер. Магмалық алғышарттар. Тектоникалық пен геоморфологиялық алғышарттары және олардың әуефототүсірілім мен гарыштық фотоқұжаттарын геологиялық байжалау кезіндегі ролі. Геохимиялық және геофизикалық алғышарттар. Іздестірудің туралы белгілері.
4	Геологиялық тісірлім жұмыстары кезіндегі кенорындардың жалпы іздестірудің әдістері.	4	Іздестіру бағыт жолдары. Дөңбектасты – мұздық әдіс. Түйіртпекті -өзенді әдіс. Түшшаймалы әдіс. Геохимиялық әдіс. Геофизикалық әдісі туралы жалпы мағлұматтар.
5	Іздестірудің нәтижелері бойынша кенорындарды бағалау және болжамды ресурстарды есептеу.	5	Болжау ресурстардың бағалау объектілері. Р <sub>3</sub> , Р <sub>2</sub> , Р <sub>1</sub> санатарының болжау ресурстарының сипаттамасы. Контурлау, бағалау параметрлерді алатын деректеме. Болжамды ресурстардың бағалаудың негізгі әдістері.

6	Техникалық құралдар мен барлау жүйелер.	6	Барлау тау-кен қазындылары және олардың сипаттамасы. Барлау ұнғымалары. Тағайымдау бойынша ұнғымаларды топтау. Барлау жүйелер. Барлау жүйелерін тандауға әсер ететін факторлар. Барлау торларының тығыздығы. Пайдалы қазба денелерінің контурлауы және байқаулары. Барлау кезіндегі геофизикалық әдістер.
7	Барланған қорлар катиорияларының жалпы сипаттамасы.	7	Қорлардың жіктеудің принциптері. С <sub>2</sub> , С <sub>1</sub> , В және А санаттар қорларының сипаттамасы. Санаттар бойынша барланған қорлардың контурын белгілеу ерекшіліктері. Қорлар бойынша территориялда және мемлекеттік комиссиясы.
8	Барлау мақсаттары үшін өнеркәсіптік кенорындардың топтамасы.	8	Сапалы көрсеткіштер және морфологиялық көз қараспен ПКК сипаттамасы. Өнеркәсіптік кенорындардың эксплуатацияға дайындығы мен барлауну дәрежесі. Пайдалы қазба қорларының жіктемесін қолдануы бойынша нұсқаулар.
9	Сынама алуштың тәсілдері.	9	Ашылымдар мен тау-кен қазбаларын сынамалау. Штуфті тәсіл. Нұктелі тәсіл. Атызды тәсіл. Шпурлұ тәсіл. Сыдыру тәсіл. Көлемдік (валды) тәсіл. Уысты тәсіл. Қүреп алу тәсіл. Колонкалы бұрғылау кезінде сынама алу. Соққылы-арқанлы бұрғылау ұнғымаларынан сынама алу. Қолды және соққылы-айналмалы бұрғылау ұнғымаларынан сынама алу. Сынамаларды алу тәсілдерін анықтайтын факторлар. Сынамалаудың бақылауы.
10	Өндеу және сынаманы анализге дайындау.	10	Сынаманы өндеудің негізгі принциптері. Снама өндеудің операциялары. Спектральді анализге сынама өндеудің сызбасын құрастыру. Химиялық анализге сынама өндеудің сызбасын құрастыру. Минералогиялық зерттеуге сынаманы дайындау.
11	Зертқаналық зерттеулер.	11	Химиялық құрамды анықтау. Химиялық анализдің мақсаттары. Химиялық құрамын анықтау әдісінің жалпы мәлеметтері. Минералдық құрамын анықтау. Минералдық анализдің мақсаттары. Минералды құрамын анықтау әдісінің жалпы мәлеметтері. Кеннін технологиялық қасиеттерін зерттеу. Физикалық-техникалық сынаулар.
12	Тау-кен қазындылардың, бақылау нұктелердің, бағыт жолдардың геологиялық құжаттамасы.	12	Тау жынысының сипаттамасы, геологиялық объектілердің графикалық құжаттауы. Жер асты тау-кен қазындыларды, тікқазбаларды, канаваларды, ашылымдарды суреттеу. Далалық фотога түсіру. Далалық және алдын ала бажайлаудың құжаттамасы.
13	Сынамалаудың құжаттамасы.	13	Тасты материалдардың тіркеу формалары. Сынамалар және үлгілер. Бірге жүргізілетін (сопроводительные) этикеткалар. Сынамалардың тізімі. Сынамалаудың жоспарында, фоталарда, суреттерде сынаманы алынған жерін көрсету.

14	Қорларды есептеудің жалпы жағдайы.	14	Жалпы мағлұматтар. Кенорындарын бағалаудың негізгі мақсаттары. Қорларды есептеудің материалдары. Кондициялар. Кондицияның анықталуы және тағайымдалуы.
15	Қорларды есептеудің негізгі тәсілдері.	15	Контурлау және қорларды есептеу. Белгіленген контурлардың аудандарын өлшеу. Қорларды есептеуге арналған бастапқы мәліметтер. Орташа құрамдарды есептеу. Жақын ауданның геологиялық блоктар, эксплуатационды блоктар, геологиялық қималар арқылы қорларды есептеудің негізгі тәсілдері.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Барлаудың негізгі статьялары мен белгілерін білу керек. Болжамды пайдалы қазбаларды іздестірудің алғышарттары мен белгілері арқылы анықтау білу. Іздеудің негізгі әдістерін білу. Болжамды ресурстар бойынша жұмыстарды жүргізу. Техникалық құралдар мен барлау жүйелерді білу. Сынамалаудың алу тәсілдерін білу. Тау-кен қазындылардың геологиялық құжаттамасын білу. Қорларды есептеудің негізгі тәсілдерін және олардың параметрлерін білу керек.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауга, қарапайым дәлелдер мен ұфымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен корытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

#### 7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзактығы 2-2,5 минутты құрайды.

#### 8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмага – 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

- Погребицкий Е.О., Парадеев С.В., Поротов Г.С. «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау», М.: Недра, 1977 ж. - 405 б.
- Бирюков В.И., Куличихин С.Н., Трофимов Н.Н., «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау» Недра, Москва, 1987 ж., 415 б.
- Смирнов В.И., Прокофьев А.П. «Пайдалы қазба кен орындардың қорларын есептеу», Недра, Москва, 1987 ж., 410 б.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

Мурат  
\_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә)  
«\_\_\_» 2023 ж.

*Мурат* *А.Н.* *А.Н.* *А.Н.* *А.Н.* *А.Н.*